

**ҚАЗАҚСТАННЫҢ ҒЫЛЫМЫ МЕН ӨМІРІ**  
**НАУКА И ЖИЗНЬ КАЗАХСТАНА**  
**SCIENCE AND LIFE OF KAZAKHSTAN**



**ПЯ ЮРИЙ**  
**ВЛАДИМИРОВИЧ**

Доктор медицинских наук,  
«Герой Труда Казахстана», казахстанский  
врач-кардиохирург, под руководством Ю. В. Пя АО  
«Национальный Научный кардиохирургический центр»  
вошел в топ 22 лучших клиник мира

## МАЗМҰНЫ – СОДЕРЖАНИЕ – CONTENTS

Биография Юрия Владимировича Пя..... 19

### ЗАҢ ҒЫЛЫМЫ – ЮРИДИЧЕСКАЯ НАУКА – LAW SCIENCE

**Алауханов Есберген Оразұлы, Бекмағамбетов Әлімжан Бауыржанұлы**  
АДАМ САУДАСЫ САЛАСЫНДАҒЫ ЖАҒДАЙДЫ ӘЛЕУМЕТТІК-КРИМИНОЛОГИЯЛЫҚ ЗЕРТТЕУДІҢ  
КЕЙБІР НӘТИЖЕЛЕРІ ЖӘНЕ ҚАРСЫ ІС-ҚИМЫЛ САЯСАТЫНЫҢ ТҰЖЫРЫМДАМАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ ..... 21

**Алауханов Есберген Оразұлы, Бекмағамбетов Әлімжан Бауыржанұлы**  
ТЕОРИЯ ПОЛИТИКИ ПРОТИВОДЕЙСТВИЯ ПРЕСТУПЛЕНИЯМ, СВЯЗАННЫМ С ТОРГОВЛЕЙ ЛЮДЬМИ КАК  
СОСТАВНАЯ ЧАСТЬ УГОЛОВНОЙ ПОЛИТОЛОГИИ ..... 28

**Ахметжан Лауэра Закиқызы**  
ПРАВОВЫЕ ОСНОВЫ УЧАСТИЯ РАБОТНИКОВ В УПРАВЛЕНИИ ПРОИЗВОДСТВОМ..... 33

**Ашыралиева Баян Советбековна, Калиева Гульмира Садуакасовна**  
АКТУАЛЬНЫЕ ВОПРОСЫ ПРАВОВОГО РЕГУЛИРОВАНИЯ ЗАБАСТОВОК  
В РЕСПУБЛИКЕ КАЗАХСТАН ..... 39

**Байкенжина Кулбагила Алиакпаровна, Филин Владимир Владимирович**  
АДАМ САУДАЛАУ ҚЫЛМЫСЫ ҚҰРБАНДАРЫНА ӘЛЕУМЕТТІК КӨМЕК КӨРСЕТУДІҢ  
ҚАҒИДАЛАРЫМЕН МІНДЕТТЕРІ ..... 44

**Беркінбаев Талғат Бахытжанұлы, Жайлау Жанат**  
ИНТЕРПОЛДЫҢ ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ ҰЛТТЫҚ ОРТАЛЫҚ БЮРОСЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ  
ҚЫЛМЫСТЫҚ ІЗДЕСТІРУ ЖҮЙЕСІНІҢ БІР БӨЛІГІ РЕТІНДЕ ..... 51

**Галиакбарова Гузаль Газинуровна**  
ПРАВОВЫЕ АСПЕКТЫ ГОСУДАРСТВЕННОЙ ПОДДЕРЖКИ ЗАРУБЕЖНЫХ СООТЕЧЕСТВЕННИКОВ В  
НЕКОТОРЫХ СТРАНАХ: СРАВНИТЕЛЬНЫЙ АНАЛИЗ ..... 57

**Гусейнов Сакит**  
ЮРИДИЧЕСКИЕ И СОЦИАЛЬНО-ПСИХОЛОГИЧЕСКИЕ АСПЕКТЫ МОШЕННИЧЕСТВА..... 62

**Дюсебаев Талғат Турашевич, Әбділда Диляна Әділқызы**  
ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚҰҚЫҚТАҒЫ БОСҚЫНДАР ҰҒЫМЫН ЖӘНЕ КРИТЕРИЙЛЕРІН АНЫҚТАУДЫҢ  
КЕЙБІР МӘСЕЛЕЛЕРІ ..... 67

**Ермеков Ерсұлтан Сулейменович**  
К ПРОБЛЕМАМ ПОСЛЕДУЮЩЕГО ЭТАПА РАССЛЕДОВАНИЯ ПРЕСТУПЛЕНИЙ, СВЯЗАННЫХ С  
ПОДДЕЛКОЙ VIN КОДОВ И ГОСУДАРСТВЕННЫХ РЕГИСТРАЦИОННЫХ НОМЕРНЫХ ЗНАКОВ  
ТРАНСПОРТНЫХ СРЕДСТВ ..... 72

**Karimbaeva Aisulu Kairlaevna, Chuprinyuk Natalya Alexandrovna**  
DISTANCE LEARNING FOR THE TRAINING OF LAWYERS..... 77

**Қуандықов Қалдарбек Жүнісбайұлы, Зейнелов Біржан Сайлауович**  
АЗАМАТТЫҚ ҚҰҚЫҚТАҒЫ МОРАЛЬДЫҚ ЗИЯНДЫ ӨТЕУ ИНСТИТУТЫНЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ..... 82

**Муханова Адеми Туркменбайқызы, Идресова Уздук Хамиевна**  
IMPROVING FAMILY LAW SYSTEM EFFICIENCY..... 88

**Рахимгулова Маншук Булатовна, Филин Владимир Владимирович**  
ТЕОРЕТИЧЕСКИЕ ВОПРОСЫ О СУЩНОСТИ ОПРЕДЕЛЕНИЯ СУДЕБНОЙ СИСТЕМЫ  
В РЕСПУБЛИКЕ КАЗАХСТАН ..... 91

**Сағымбеков Бахытжан Жасамуратович, Байдаулетова Алема Сериковна**  
ОСОБЕННОСТИ ОБЕСПЕЧЕНИЯ ПРАВ ГРАЖДАН НА ОПЛАТУ ТРУДА В ЗАРУБЕЖНЫХ СТРАНАХ ..... 95

**Тоғайбаева Шолпан Серикбаевна, Байжанов Ербол Аманжолович**  
ИСТОРИЯ РАЗВИТИЯ УГОЛОВНОГО ЗАКОНОДАТЕЛЬСТВА В БОРЬБЕ С КОРРУПЦИЕЙ  
В РЕСПУБЛИКЕ КАЗАХСТАН ..... 102

**Шаймуханова Жайна Тлеукеновна, Дүсіпов Еркін Шажиевич**  
ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРЫНДАРЫНДА БІЛІМ БЕРУ ҚЫЗМЕТТЕРІН ТҰТЫНУШЫЛАРДЫҢ МҮДДЕЛЕРІН  
ҚҰҚЫҚТЫҚ РЕТТЕУ ..... 110

## ПЕДАГОГИКА ҒЫЛЫМЫ – ПЕДАГОГИЧЕСКАЯ НАУКА – PEDAGOGICAL SCIENCE

<b>Батаева Фроза Асановна, Жакупова Анастасия Игоревна</b> БАСТАУЫШ СЫНЫПТА АҒЫЛШЫН ТІЛІН ОҚЫТУ МАҚСАТТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ.....	115
<b>Баялиева Гүльзина, Жундыбаева Турархан Нурмухановна</b> ЖАСӨСПІРІМДЕРДЕГІ ДЕВИАНТТЫ МІНЕЗ-ҚҰЛЫҚҚА ӘСЕР ЕТЕТІН ЖЕКЕ ФАКТОРЛАРЫНЫҢ ҒЫЛЫМИ-ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ.....	119
<b>Жантемирова Мадина Балтабаевна, Стукаленко Нина Михайловна</b> РАЗВИТИЕ ИННОВАЦИОННОГО ТВОРЧЕСТВА СТУДЕНТОВ В ОБРАЗОВАТЕЛЬНОМ ПРОЦЕССЕ ВУЗА.....	123
<b>Жантілеуова Гүлмира</b> ЖОҒАРҒЫ ОҚУ ОРНЫНДА ДИАЛОГТИК ОҚЫТУ ӘДІСТЕРІН ҚОЛДАНУ .....	129
<b>Жияшева Жанар Шораевна, Кеңесбаев Серік Мұхтарұлы</b> БОЛАШАҚ МАМАННЫҢ АҚПАРАТТЫҚ БІЛІМ ОРТАСЫН ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ЖОБАЛАУДЫҢ ПСИХОДИДАКТИКАЛЫҚ АСПЕКТІЛЕРІ.....	132
<b>Каббасова Айнагуль Танырбергеневна</b> МЕТОДИЧЕСКИЕ АСПЕКТЫ ИНОЯЗЫЧНОЙ ПОДГОТОВКИ БУДУЩИХ УЧИТЕЛЕЙ В УСЛОВИЯХ ОБНОВЛЕНИЯ СОДЕРЖАНИЯ ОБРАЗОВАНИЯ .....	137
<b>Какимова Лаура Шариповна</b> РЕАЛИЗАЦИЯ КОНЦЕПЦИИ ВЫСШЕГО ХУДОЖЕСТВЕННОГО ОБРАЗОВАНИЯ В КОНТЕКСТЕ НАЦИОНАЛЬНОЙ ИДЕИ «МӘНГІЛІК ЕЛ».....	141
<b>Қыдыралиева Нұргүл Құрманайқызы, Садықова Роза Каримовна</b> ОҚУ ҮДЕРІСІНДЕ ЗАМАНАУИ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР АРҚЫЛЫ СТУДЕНТТЕРДІҢ ТЫҢДАЛЫМ ДАҒДЫЛАРЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ.....	147
<b>Муратова Гүлжан, Шаушенова Анаргүл</b> APPLICATION OF CLOUD TECHNOLOGIES IN THE EDUCATIONAL PROCESS.....	153
<b>Ospanov Almaz Yerbolatovich, Nurgazinova Gulbarshyn Sharapidenovna, Mukhamediyeva Kymbatsha Maulenovna</b> USE OF MULTIMEDIA TECHNOLOGIES IN EDUCATION.....	157
<b>Султанғалиева Айгуль Екибаевна</b> ЖОО СТУДЕНТТЕРІНІҢ ТАНЫМДЫҚ БЕЛСЕНДІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕР.....	161
<b>Сұлтанбек Тұрлыбек Сынабайұлы, Бекен Асқар Есенбекұлы</b> ЖАЛПЫ БІЛІМ БЕРЕТІН МЕКТЕПТЕРДЕ МАТЕМАТИКА КУРСЫНДАҒЫ ТЕҢСІЗДІКТІҢ МАЗМҰНЫ МЕН АТҚАРАТЫН РОЛІ .....	165
<b>Tleuzhanova Gulnaz Koshkimbaevna, Andreyeva Olga Alexandrovna</b> CLIL TECHNOLOGY AS A PEDAGOGICAL CONDITION FOR PREPARING STUDENTS FOR PROFESSIONAL ACTIVITIES.....	171

## ФИЛОЛОГИЯ ҒЫЛЫМЫ – ФИЛОЛОГИЧЕСКАЯ НАУКА – PHILOLOGICAL SCIENCE

<b>Алиева Салима Апбазқызы</b> АНТРОПОЦЕНТРЛІК МАҚАЛ-МӘТЕЛДЕРДЕГІ ТОПОНИМИКАЛЫҚ КӨРІНІСТЕР (орыс-қазақ мақал-мәтелдерінің материалы негізінде).....	175
<b>Боранқулова Бакитгуль Ержигитовна</b> КОРОНАВИРУСҚА ҚАТЫСТЫ ЖАҢА СӨЗДЕР МЕН СӨЗ ТІРКЕСТЕРІ: ТІЛДЕГІ ҚОЛДАНЫС ӘЛЕУЕТІ ЖӘНЕ АУДАРМА МӘСЕЛЕСІ.....	180
<b>Зайсанбаева Гүлнар Нигметовна</b> МЕТАФОРАЛЫ АТАЛЫМДАРДЫҢ КОГНИТИВТИК ҚҰРЫЛЫМДАРЫ ЖӘНЕ УӘЖДЕМЕСІ .....	185
<b>Ислямбекова Ақбота Қайратқызы</b> ОЙЫНДЫҚ ФОЛЬКЛОРДЫҢ ЗЕРТТЕЛУІНДЕГІ КӨКЕЙКЕСТІ МӘСЕЛЕЛЕР .....	189
<b>Кенжебаева Жаркын Есеновна, Кайрлиева Нургуль Балхашевна</b> КОНЦЕПТ «МОЛОКО» В КАЗАХСКОМ ЯЗЫКЕ И КУЛЬТУРЕ: ЛИНГВОКУЛЬТУРОЛОГИЧЕСКИЙ АСПЕКТ ОПИСАНИЯ .....	193
<b>Кішкенбаева Жұлдызай Қалыбекқызы, Ибраева Эльмира Ерікқызы, Маслов Халел Борисович</b> ТҮРКІ ФОЛЬКЛОРЫН ЗЕРТТЕУ КЕЗЕҢДЕРІ: ЕУРОПА ЖӘНЕ РЕСЕЙ ДЕРЕККӨЗДЕРІ НЕГІЗІНДЕ.....	199

<b>Мейірбеков Асылбек, Ергөбекова Жанат Сапарбекқызы</b> ҚАЗАҚСТАН АУМАҒЫНДАҒЫ ТОПОНИМИЯЛЫҚ АТАУЛАРДЫҢ ЭТИМОЛОГИЯЛЫҚ СИПАТЫ .....	204
<b>Нүсіпәліқызы Ақтоты, Орда Гүлжахан</b> ҚАЗАҚ ЖӘНЕ ОРЫС ТІЛДІ ҰЛТ ӘДЕБИЕТІНДЕГІ НЕОМИФОЛОГИЯЛЫҚ АЙШЫҚТАР .....	207

#### **ӨНЕРТАНУ ҒЫЛЫМЫ – НАУКА ОБ ИСКУССТВЕ – ART SCIENCE**

<b>Аксакалова Жазира Асылбековна, Кенджакулова Айнур Бериковна</b> ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЗАМАНАУИ КЕСКІНДЕМЕ, ГРАФИКА, ӨНЕРІНДЕГІ ФОЛЬКЛОРЛЫҚ ЖӘНЕ ТАРИХИ БЕЙНЕЛЕР .....	211
<b>Бакеева Мадина Қайратжановна, Айдар Алма Мұратқызы</b> ЦИФРЛАҢДЫРУ ДӘУІРІНДЕГІ ҚАЗАҚ ЭКРАНДЫҚ САЛАДАҒЫ РЕЖИССУРАНЫҢ ТҮРЛЕНУІ .....	216
<b>Мурсалимова Насихат Мазикеновна</b> ЖАМБЫЛ МЕН САРБАС АЙТЫСЫНДАҒЫ «ДОМАЛАҚ АНА» ШЕЖІРЕСІ .....	219
<b>Хуатбекұлы Ерканат</b> ҚАЗІРГІ ДРАМА: ЖАНРЛЫҚ ІЗДЕНІСТЕР .....	223

#### **ТАРИХ ҒЫЛЫМЫ – ИСТОРИЧЕСКАЯ НАУКА – HISTORICAL SCIENCE**

<b>Шамшиденова Факия Мешведеновна, Қалдыбаева Сафура Сапарғалиевна</b> ҚАЗАҚ ХАНДЫҒЫНДАҒЫ БИЛЕР СОТЫ ЖӘНЕ СӨЗ БИЛІГІ .....	227
---	-----

#### **ЭКОНОМИКА ҒЫЛЫМЫ – ЭКОНОМИЧЕСКАЯ НАУКА – ECONOMIC SCIENCE**

<b>Камали Карлыгаш Магауқызы</b> АКТУАЛЬНЫЕ ТЕНДЕНЦИИ УПРАВЛЕНИЯ НЕФТЕГАЗОВОГО СЕКТОРА ЭКОНОМИКИ КАЗАХСТАНА .....	231
<b>АВТОРЛАР ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТ – СВЕДЕНИЯ ОБ АВТОРАХ – INFORMATION ABOUT AUTHORS .....</b>	235



**Жантілеуова Гульмира**  
педгогика ғылымдарының магистрі  
аға оқытушысы  
дипломатиялық аударма кафедрасы  
әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті

## **ЖОҒАРҒЫ ОҚУ ОРНЫНДА ДИАЛОГТІК ОҚЫТУ ӘДІСТЕРІН ҚОЛДАНУ**

**Түйін:** Оқудағы танымдық іс-әрекеттің тиімді әдістерінің бірі-диалогтік оқыту болып табылады. Бұл мақалада зерттеу пәні ретінде диалогтік оқыту әдістемесіне ЖОО білім алушыларын тарту. Мақсаты-осы оқыту әдісін тәжірибеге сәтті енгізу және оның ЖОО-да оқытудың жаңа тәсілі ретінде даму болашағын талдау.

**Түйінді сөздер:** диалог, диалогтік оқыту, әңгіме-дебат, зерттеушілік әңгіме, кумулятивтік әңгіме.

**Резюме:** Одна из самых эффективных методов познавательной деятельности в обучении является диалоговое обучение. В данной статье предметом исследования является методика вовлечения обучающихся вуза в диалоговое обучение. Целью является анализ практики по успешному внедрению данного метода обучения и его перспективы развития как нового подхода в обучении в вузе.

**Ключевые слова:** диалог, диалоговое обучение, беседа-дебаты, исследовательская беседа, кумулятивная беседа.

**Summary:** One of the most effective methods of cognitive activity in learning is dialog learning. In this article, the subject of research is the method of involving University students in dialog learning. The aim is to analyze the practice of successful implementation of this method of teaching and its prospects for development as a new approach to higher education.

**Keywords:** dialog, dialog learning, conversation-debate, research conversation, cumulative conversation.

### **КІРІСПЕ**

Қазақстандағы білім беру жүйесінің әлемдік жоғары деңгейге қол жеткізу мақсатында оқу үдерісіне енгізген сындарлы оқыту теориясына негізделген тәсілдердің бірі-диалогтік оқыту.

Жаһандану үрдісі мен адам қатынасы қажеттіліктерінің күшеюі барысында сөз әрекеті түрлерінің (тыңдап түсіну, оқу, жазу және сөйлеу әрекеттері), ең табиғи түрі диалог түріндегі сөйлеу көп қолданысқа ие болуда.

«Өмірде ең керекті білім – қоғамда қарым-қатынас құра білу, басқа адамдармен тіл табысу» [Әлімов Асхат, 2009, 69 б.], ал тілдесу – ол диалог.

Диалог арқылы оқыту мәселесін көптеген әдіскерлер өз еңбектерінде қарастырды, солардың ішінде Мерсер мен Литтон еңбектерінде атап өтілгендей, диалог сабақта білім алушының тек қызығушылығын арттырып қана қоймай, сонымен қатар олардың білім деңгейінің өсуіне үлес қосады [Mercer, N. and Littleton, K., 2007, 12 б.].

С.С.Құнанбаева диалогты хабар жіберуші мен хабар алушының тұрақты байланысы, қатысымдық ынтасы, қатысымдық рөлдері, қатысымдық диалогты өзара әрекеттің өту жағдайы мен қатысымдық контекст, олардың қолдағы прагматиканы мен т.б. бейнеленуі ретіндегі коммуниканттардың әсер ету стратегиялары деп көрсетеді [С.С. Құнанбаева, 2010, 158 б.].

**Диалог негізінде оқыту білім алушыларға өзіндік ой-пікірлерін жүйелеу мен дамы-**

**туға көместесіп қана қоймай, олардың танымдық дамуына да әсер етеді** [Студентке арналған нұсқаулық, 2018, 35 б.].

Жоғарыда айтылған тұжырымдамалардың дұрыстығына көз жеткізу мақсатында өз сабақтарында қолданылған диалог негізінде оқытуға негізделген кейбір әдістерге тоқталсам деймін. Бұл әдістер білім алушыларға білімді дайын күйінде бермей, олардың өздерінің тәжірибесіне сүйену арқылы, шығармашылық ізденісте болуларына, сыни тұрғыдан ойлануларына, танымдық білімдерінен қажетті өнімді бірлесе отырып құрастыруларына мүмкіндік беретін әдістер болды.

### **НЕГІЗГІ БӨЛІМ**

Диалогтік оқыту білім алушылардың айтылым әрекеті мен метасанасын дамытатын бірден-бір тәсіл ретінде қарастырылады, себебі: олар ойлау әрекетінің төменгі сатысынан, жоғарғы сатысына көтерілу үшін жіңішке сұрақтан бастап жуан сұрақ түрлерін қояды үйренеді, сөйлеу мәдениетін игереді, тіл байлығын жетілдіреді [Студентке арналған нұсқаулық, 2018, 28 б.].

Мысалы: «Ыстық орындық» әдісін қолданудағы мақсатым білім алушылардың тақырып бойынша Kahoot бағдарламасындағы тест сұрақтарына тез арада жауап беру керектігінде еді. Жалпы «Ыстық орындықта» отырып жауап беру және де Kahoot бағдарламасын қолдану білім алушылардың сабаққа деген қызығушылығын

оятүмен қатар, тақырып бойынша білімдерін толықтыруға, шапшаң ойлауға әсер етті. Себебі интернет желісін қолданып, онлайн түрінде тапсырма орындау және де өлшеулі уақытта орындау, олардың сабақ барысында белсенді болуларына, қызығушылықтарының артуына сөзсіз түрткі. Ал сонымен бірге ол тапсырманы «Ыстық орындақта» отырып орындау білім алушылардың айтылым дағдысын қалыптастырумен қатар, оқылым дағдыларын қалыптастыруға түрткі болды, себебі олар оқығандарын тез түсініп жауап таңдаулары керек еді. Сонымен қатар, Kahoot бағдарламасында тапсырма орындату білім алушылардың білімін қызықты және тиімді формада тексеруге мүмкіндік берсе, ал «Ыстық орындақта» әдісі олардың белсенділігін арттырумен қатар әр қайсының шапшаң ойлану дағдыларын, жинақы жауап беру қабілеттерін дамытты.

«Блум түймедағы» әдісінің тиімділігі білім алушылардың есте сақтау, түсіну, материялды қолдану, талдау, синтездеу және бағалау қабілеттерін дамытуға түрткі болатын сұрақ түрлерін тақырып көлемінде өздерінің қоюға дағылануында.

«Лексикаға үйрету» тақырыбы бойынша өткен сабақта қойылған сұрақтар тізбегі төмендегідей болды:

Қарапайым сұрақ: Лексикаға үйрету тәсілдері қаншаға бөлінеді?

Нақтылау сұрағы: Қандай тәсілдерді аудармасыз тәсілге жатқызасыз?

Практикалық сұрақ: Лексикаға үйретуде аударма тәсілін қалай қолданамыз?

Қызықтыру сұрағы: Неге аудармасыз тәсілді қолдану тиімді болып есептеледі?

Бағалау сұрағы: Баға беріңіз, қай тәсіл тиімді: аударма немесе аудармасыз?

Шығармашылық сұрақ: Егерде аударма тәсілін қолданбаса лексикаға үйретуде қиындық туа ма?

Әрине, сұрақ қою барысында білім алушылар әркез үлгіге және оқытушы көмегіне жүгініп отырды, себебі сұрақ түрлерін шатастырып отырды. Бұл өз тарапында маған бұл сұрақ түрлеріне тапсырманы көптеп жасату керек екендігіме ой салды, яғни болашақта машықтандыру жаттығуларын жиі жүргізуім қажет.

Диалог - екі жақты үдеріс, яғни ауызша немесе жазбаша түрдегі қарым-қатынас екені белгілі. Бұл іс-әрекет өз көрінісін «Галереяға саяхат» әдісін қолдану барысында тапты, себебі стикерге жазылған ой-пікірлер білім алушылардың жазбаша қарым-қатынасқа түсуіне көмектесе, «ТӨДК (толықтыру, өзгерту, дамыту, күрделендіру)» әдісі тақырып бойынша білім алушылардың берген жауаптарын толықтыруға, өзгертуге, дамытуғы және күрделендіруге себеп болды, бұл әдіс барысында олар түрткі болатын сұрақтар қоядан бастап, сынақтан өткізетін сұрақтар мен басқаға бағытталған сұрақтар қоюға дағылан-

ды. Мысалы: «Екінші шетел тілін оқыту кезеңдері» тақырыбы бойынша қойылған сұрақтары шамамен төменде көрсетілгендей болды: 1. Түрткі болу: Екінші шетел тілін оқыту кезеңдері бірінші шетел тілін оқыту кезеңдерінен ерекшелене ме? 2. Сынақтан өткізу: Екінші шетел тілін оқыту кезеңдеріне жоспар үлгісіне сай нақты мысал келтіре аласыз ма? 3. Басқаға бағыттау: Мектепте жұмыс істеп жүрген қай студент екінші шетел тілін оқыту кезеңдерін анықтап беруге көмектесе алады? және т.б. Осы «Галереяға саяхат» және «ТӨДК» әдістері білім алушылардың айтылым дағдысымен қатар жазылым дағдыларын қалыптастыруға негіз болды.

Диалогтік оқыту диалогтік әңгіме түрлерін дамытуды көздейді, Мерсер зерттеуіне сәйкес әңгіменің үш түрі бар: әңгіме-дебат, кумулятивтік, зерттеушілік [Mercer, N., 2000, 369 б.].

Зерттеушілік әңгімені ұйымдастыру барысында білім алушылар бірге ойлануға, бір-бірін тыңдап, өз жауаптарын дәлелдеуге, пікір алмасуға, ортақ келісімге жетуге дағыланса, әңгіме-дебат барысында білім алушылар керісінше бір келісімге келмейді, ой-пікірлерінде үлкен алшақтық болады, әр топ өз шешімдерін дұрыс санайтындықтан, өз көзқарастарының дұрыстығын нақты дәлелдермен берулері керек, ойлары жинақы болуы қажет. Сонымен қатар, әңгіме-дебат кезінде білім алушылардың айтылым және тыңдалым дағдылары өте жоғары деңгейде қалыптасқан болуы керек және өздерін сенімді ұстай алулары керек, себебі басқа бір топ пікірін тыңдап, оған төтеп бере алу олардың бойында осындай дағдылардың қалыптасқанын қажет етеді. Кумулятивтік әңгіме түрін ұйымдастыруда тақырып бойынша көрініс қойылымға тапсырма беру өте нәтижелі. Рөлдік ойын түрі арқылы білім алушылардың айтылым дағдылары, рөлді сомдай алу шеберліктері дамыды. Сонымен қатар, олардың сахна алдына қорықпай, ұялмай шыға алу қабілеттерінде қалыптасады.

Жоғарыда келтірілген әңгіме түрлеріне тапсырманы орындау барысында әңгіме-дебат және зерттеушілік әңгіме топтарына уақыт жеткілікті болды да, ал кумулятивтік әңгіме тобы берілген 10 минутқа қосымша 5 минутты уақытты артық қажет етті, себебі олар тақырып бойынша көрініс көрсетулері қажет болды, ол үшін оларға көрнекілік дайындау, сценарий құрастыру және оны көріністеуге дайындалу керек болды. Әрине, бұл оқытушы ретінде менің тарапымнан тапсырманың күрделігін ескермегендіктен болды, сол себепті келешекте басқа сабақтарымда тапсырма мөлшеріне, оның күрделігіне үнемі көңіл бөлу керек. Бірақ осы үш әңгіме ішінде білім алушыларды елең еткізген, кумулятивтік әңгіме түріне қызығушылықтарын тудырған тапсырма түрі болды, яғни рөлге еніп көріністеу. Бұл көріністеу барысында білім алушылар өз эмоцияларын көрсете алды, әлеуметтік тұрғыдан ата-апа,

оқушы рөлін сомдап көрсетті және де танымдық тұрғыдан тақырып бойынша білімдерін жинақтап айта алды.

### **ҚОРЫТЫНДЫ**

Қорытындылай келе диалогтік оқыту - оқытушы мен студент, студент пен студент арасындағы қарым-қатынасты реттеп отыратын айтылым құралы және білім алушылардың метасанасын дамытатын бірден-бір тәсіл. Сабақ барысында диалогтік оқытуды ұйымдастыру білім алушылардың тек қызығушылығын арттырып қана қоймай, сонымен қатар олардың білім деңгейінің өсуіне үлес қосады. Сонымен бірге, диалогтің екі жақты үдеріс, яғни ауызша немесе жазбаша түрдегі қарым-қатынас құралы. Диалогтік оқыту оқытушыға да, білім алушыға да білім алу үшін үлкен үлес қосатын, өзара іс-әрекеттің шын мә-

ніндегі тиімді оқыту түрі. Өз сабақтарымда диалогтік оқыту арқылы білім беру білім алушыларға тиімді болды, олардың материалды меңгеру деңгейінің өсуіне, пәнге деген қызығушылықтарының артуына түрткі болды.

Жоғарыда айтқандардың бәрін басшылыққа ала отырып, әліде болашақта диалогтік оқытуды ұйымдастырудағы іс-әрекеттерім төмендегідей болмақ:

- диалогтік әңгіменің үш түрін (дебат, кумулятивтік, зерттеушілік) дамыту мақсатында тапсырма түрлерін жетілдіре беру;

- әріптестермен тәжірибе алмаса отырып диалогтік оқытудың басқа да жаңа әдіс-тәсілдерімен танысу;

- диалогтік оқыту барысында білім алушылардың ашық сұрақ түрлерін құрастыра алу дағдысын жаттығулар арқылы машықтандыру.

### **ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИТТЕР ТІЗІМІ:**

1. Асхат Әлімов. Интербелсенді әдістерді жоғары оқу орындарында қолдану.- Оқу құралы. - Алматы: 2009.- 263 бет.

2. Mercer, N. and Littleton, K., (2007). Dialogue and the development of thinking. A sociocultural approach. [Диалог және ойлауды дамыту. Әлеуметтік мәдени тәсіл]. NY: Routledge.

3. С.С. Құнанбаева Қазіргі шетелдік білім берудің теориясы мен практикасы.-Алматы, «Әдельвейс», 2010.

4.Студентке арналған нұсқаулық, Бірінші басылым, Астана-2018.

5. Mercer, N., (2000). Words and Minds: how we use language to think together. [Сөздер мен сана: бірле іп ойлану үшін тілді қалай қолданамыз?]. London: Routledge.